

Көсембай негізгі мектебі

Қалиева Бұлбұл Сенбайқызы

Күні: 24.01.2024 ж

Тақырыбы: Адамдық борыш –ар үшін.

Мақсаты: Оқушылардың Шәкәрім Құдайбердіұлы туралы білімдерін тереңірек дамыту; ақын өлеңдерінің идеясын ашу, рухани-адамгершілік қағидаларымен танысу, өлеңдерін нақышына келтіре оқи отырып, оқушыларды өзіндік ой қорытуға бағыттау;

Шәкәрімнің өлеңдері арқылы оқушылардың рухани байлығын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, жаман мінезден аулақ болу, адами сезімді қастерлеу, сүйіспеншілік, ішкі рухани тазалыққа үйрету.

Түрі : Әдеби –поэзия сағаты.

Әдіс-тәсілдері: Лото ойыны, топтастыру.

Көрнекіліктер: «Дана сөздің дарасы» кітап көрмесі, слайд, қима қағаздар.

Барысы :

1. Ұйымдастыру кезеңі

Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдығына орай өмірі мен шығармашылығына арналған Адамдық борыш –ар үшін атты әдеби поэзия сағатына қош келдіңіздер!

Жарты ғасырдан астам еріксіз үзілістен соң халық алдына қайта шыққан тұлғаларымыздың бірі- Шәкәрімнің қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихында алатын орны ерекше. Шәкәрім -қазақ әдебиетін жаңа белеске көтерген, қазақ халқының көркемдік ойының үздік үлгілерін туғызған, қазақ өлеңін түрлендіре түскен кемеңгер ақын еді.

Қытымыр, қилы заманда оққа ұшқан ақын есімі халық санасынан аласталмақ болды. Бірақ...өзі өлсе де аты өшпеді. Осы ретте Абай атамыздың «Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған», -деген өлең жолдары ойымызға оралады. Ұлы ақын өлсе де, ұрпағына ғибрат етіп қалдырған мұрасы бар. Ол мұраны сақтау, одан тәрбие алу біздің міндетіміз.

Адам үшін еңбегім,
Өмірден барлық тергенім.
Қалағанын қарап ал,
Мұрам сол, жастар бергенім –деп өзі айтып кеткендей ақынның асыл мұрасынан қалған біршама шығармалары мен таныс боламыз.

2) Шәкәрім-лирик.

(Өлеңдерін жатқа айтады)

«Өмір» Нұртас.

«Ғылымсыз адам - айуан» Гүлсая

«Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр» Мансұр Мейірбол.

«Ей көп халық, көп халық» Бектас

«Керек» Аңсар

«Адамдық борышың» Мархаббат

3) Шәкәрім –ғұлама.

Шәкәрімнің өмірі мен шығармашылығын әдеби –лото бойынша баяндайды.

Әбілмансұр: Шәкәрім Абайдың ағасы Құдайбердінің ұлы. Бес жасында ауыл молдасының алдын көріп, сауатын ашқан. Әкесі Құдайберді 1866 жылы 37 жасында көз жұмып, Құнанбайдың қолында тәрбиеленген. Абайдың қамқорлығын көрген ол ағасының өнегелі істеріне қанық болып, білімді әрі дарынды азамат болуды қалаған. Оның «Жалыналық Абайға, жүр баралық» деп жырлап, қазақ балаларын Абайдан өнеге алуға шақырғаны да сондықтан. Ол шығармашылықпен жарты ғасырдан астам уақыт бойы айналысып, барлық әдеби жанрдың дамуына үлес қосқан.

Бектас: Әдебиеттен бөлек, тарих, география, жаратылыстану ғылымы, физика, сөз өнері мен музыка өнерін меңгеріп алған. «Жігітке жеті өнер де аз» демекші, дене еңбегіне дағдыланып, жылдар өте келе ұлттық киімдердің үлгісін жаңарту, ас пісіру, дастархан әзірлеу, көшпелі ел жағдайында, қатты қыстарда, далада, қар үстінде шырпысыз от жағу, үйді үйдің, іргелес қыстаулардың арасында сымды қатынас орнату сияқты тұрмыс мәдениеті туралы халыққа өзі тапқан тәсілдерін ұсынып отырған. Тіпті, науқастарға алғашқы медициналық жәрдем көрсете алған, әрдайым дәрі қорабын ұстап жүрген. Тоғайдан отын шауып, боранды күндерде әйелдерге жәрдемдесіп, өзен мен құдықтан су тасыған екен. Араб, орыс, парсы тілдерін де жетік білген ол іөп ізденісінің арқасында сол заманның ең білімдар адамдарының қатарында болған.

Гүлсая: Соның нәтижесінде Хафиздің махаббатқа толы еңбектерін және Физулидің «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын тәржімалаған. Орыс халқының да классикалық әдебиетіне терең бойлап, Пушкиннің «Дубровский» повесі мен «Боранын» өлең етіп аударған. Толстойдың да бірқатар шығармаларын қазаққа таныстырып, оған хат жазу арқылы ақыл-кеңес сұрап отырған. Тарихи деректерге сүйенсек, Шәкәрім Құдайбердіұлы 1876 жылы Мәуенді жар етіп, 1878-1880, 1887-1888, 1901-1905 жылдары Шыңғыс елінде үш рет болыс болған. 1882 жылы Айғаншаға үйленіп, 1903 жылы Орыстың императорлық географиялық қоғамы, Батыс-Сібірлік бөлімі, Семей бөлімшісінің мүшелігіне қабылданған.

Нұртас: 1905 жылы қажылыққа аттанып, Абайдың тапсырмасымен Стамбул, Египет пен Меккеге саяхаттайды. Осы жолда Парижге аялдап, Франция архиві мен кітапханаларында болған. 1906 жылы қажылықтан оралып, 1908 ж Семей түрмесінде жатқан Алаш көсемі Әлихан Бөкейханмен кезіккен. 1911 жылы ақынның «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», «Мұсылмандық кітабы» атты еңбектері, бір жылдан соң «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» поэмалары жарық көрген. Оның «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» еңбегі жайында Әлихан Бөкейхан «Ерекше сөз» тақырыбымен, Жүсіпбек Аймауытов «Шәкәрім ақсақалға» тақырыбымен мақала жариялаған.

Мархаббат: 1917-1918 жылдары Алаш қозғалысына қатынасып, уездік земство жұмысына, Алаш сотының қызметіне араласып, артынша қызметтен алшақтап, айтыс-тартыстан іргесін аулақ салған екен. Одан кейін де шығармашылығын тоқтатпай 1918 жылы «Шын бақыттың айнасы» эссе-шығармасы басылып, сол жылы Алашорда үкіметінің соты, төбе биі қызметтерін атқарған. 1924 жылы Семейде «Дубровский әңгімесі» баспадан шығып, оның шығармалары «Айқап», «Абай», «Шолпан», «Таң» журналдарында, «Қазақ», «Сарыарқа», «Қазақ тілі», «Еңбекші қазақ», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде басылған. Ал, «Әділ-Мария» романы, «Нартайлақ-Айсұлу» поэмасы мен «Үш анық» философиялық туындысы өмірден өткен соң оқырман қолына тиген.

Ансар: Ақын 1925 жылы Шыңғыстағы Шақпақ деп аталатын өз қыстауынан он бес шақырымдай қашық маңда қора-жай тұрғызып, шығармашылықпен беріле шұғылданады. Сол кезде оған «Шыңғыстау көтерілісін ұйымдастырды» деген айып та тағылады. Түптің түбінде қазақ зиялысына қастандық ойлағандар мақсатына жетіп, 1931 жылдың 2 қазанында НКВД-ның жендеттері оны атып өлтіреді де, мүрдесін құдыққа тастайды. Саналы ғұмырында қаншама қызмет жасап, ұрпаққа мол шығармашылық мұра қалдырған Шәкәрімнің өмірі осындай қорлықпен аяқталған.

Мейірбол: Шәкірімнің шығармашылығы 1958 жылы толық ақталып, Ахат есімді ұлы 1961 жылы 30 жылдан соң ғана әкесінің сүйегін құрқұдықтан қазып алып, Жидебайдағы Абайдың зиратының жанына жерлеген. Ал, 1988 жылдың 14 сәуірінде Қазақстан Республикасы Орталық комитеті Шәкәрім Құдайбердіұлын толықтай ақтау туралы шешім қабылдайды.

Кітапханашы: Кейбір деректерде Шәкәрімнің шын есімі «Шаһкәрім» деп айтылады.

Домбыра шертіп, гармоньда ойнаған. Жазу-сызудан бөлек, ән айтып, саятшылық құрып, сурет салған. 14 жасынан бастап ән шығарып, аспаптарда ойнаудан бөлек, ағаштан мандалин, қобыз жасап, киім тіккен. Шәкәрімнің «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек» деген әні А.В. Затаевичтің 1931 жылы жарыққа шыққан «Қазақ халқының 500 әні мен күйі» деген жинағында «Шәкәрім Құдайбердин әні» деген атаумен жарияланған. Ал, оның әндерін тұңғыш нотаға түсірген голландық Альвин Эрнестович Бимбоэс болған. Оның «Музыкалық

этнография» атты жинағының ішінде «№1 Шакарим», «№2 Шакарим» деген атаумен ақынның екі әні жарық көрген.

«Жоғалған сөзді тап» ойыны.

(ақынның бірнеше өлеңінен бір шумақ беріледі, қалып қойған сөздерді табады)

1. Жасымнан жетік білдім түрік тілін,
Сол тілге аударылған барлық білім.
Ерінбей еңбек еттім, еңбек жанды,
Жарқырап қараңғыдан туып күнім. **(Жасымнан жетік білдім..) өлеңінен**
2. Кәрілік, шал деген бір ат қылғандай,
Айнадай ақылынды тат қылғандай.
Жеңілді ауыр, алысты жақын қылып,
Бір туысқан жақынды жат қылғандай. **(Кәрілік, шал деген бір ат қылғандай...) өлеңінен**
3. Бір қу түлкі болыпты жұртты құртқан,
Тышқан аулап жейді екен ескі жұрттан.
Жем таба алмай бір жылы арықтапты,
Тышқан ауып кеткен соң мұқым сырттан. **(Қасқыр, түлкі, бөдене)**
4. Жолама, қулар, манайға,
Не қылмадың талайға?
Кім жағады сендерге
Тартқызған азап Абайға? **(Жолама, қулар, манайға...) өлеңінен**
5. Қырықтан соңғы иманым,
Отыз жылдай жиғаным.
Көп ғалымның сөзінің
Ақылға алдым сыйғанын. **(Иманым) өлеңінен.**
6. Сөз жазамын түнімен
Бар ұйқымды қашырып.
Тығып қойман мұны мен
Еш адамнан жасырып. **(Сөз сынап, өдең өлшемен) өлеңінен**
7. Біздің қазақ әркімді қылар мазак,
Деп жүр ме екен «өзімнің бойым таза –ақ».
Осы жұрттың, байқаңыз, беті қалай,
Қайда қаңғып барады осы қазақ? **(Партия адамдары) өлеңінен.**
8. Бір адам жүреді екен тұзақ құрып,
Бір торғай ұстап алды сүйтіп жүріп.
Балаларға сатайын деп ойлапты,
Торғайды жазып алып ұстап тұрып. **(Ақылшы торғай) өлеңінен**
9. Бір суыр адасыпты оттап жүріп,
Кез болды бір ауылға көп қаңғырып.
Ит қуалап тыққан соң иесіз үйге,
Бояу толы шелекке кетті кіріп. **(Бояулы суыр) өлеңінен**
10. Еріншектен –салақтық,
Салақтықтан –надандық.
Бірінен –бірі туады,

Жоғалар сүйтіп адамдық.(Еріншек) өлеңінен.

11. Мақтан үшін мал жима, жан үшін жи,
Қазаққа көз сүзбестің қамы үшін жи.
Арың сатпа, терің сат, адалды ізде,
Ғибадат пен адалдық, ар үшін жи. (Мал жимақ) өлеңінен

Топтастыру «Шәкәрім шыңы»

Сұрақтарға жауап беру арқылы қорытындылау

Шәкәрім-лирик. (өлеңдерінің тақырыбы)

Шәкәрім-аудармашы (кімнің қандай шығармаларын аударған?)

Шәкәрім-эпик (поэмалары)

Шәкәрім –сазгер (әндері)

Шәкәрім –жазушы (әңгімелері, романы)

Шәкәрім-тарихшы, ойшыл (зерттеулері, философиялық толғамдары)

«Адам болып тудым, адам атымды ақтайын, көп үшін, халық үшін, келешек ұрпақ үшін еңбек етейін. Кейінгі ұрпақ үлгі аларлық із-белгі қалдырайын, адам атым өшпесін, тарихқа аз да болса үлес қосайын деген ойда болдым. Келешектің ойын ашайын деп жаздым.

....Өз заманым үшін жазғам жоқ. Келер дәуірдің адамы үшін жаздым.» дейді Шәкәрім бабамыз.

Адалдықтың туын арлы еңбегімен ақтаған, ұрпағы үшін өнегелі өмірі мен шығармаларын қалдырған ғұлама Шәкәрімнің мұрасын біз ардақтаймыз, ұмытпаймыз.



